

Адам және қоғам бірлестігінің онкүндік есебі.

2022-2023 оқу жылы

Адам және қоғам бірлестігі гимназияның ғылыми жұмыс жоспарына сәйкес 05.12-15.12.2022 жылдар аралығында «Тәуелсіздік –асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі» тақырыбында онкүндігін өткізді. Онкүндік іс- шаралары алдын ала жоспарланып, гимназияның бейіндік оқыту жөніндегі директор орынбасары З.Т.Кусаинованың келісімімен, гимназия директоры Г.Д.Садықованың бекітуімен басталды.

Адам және қоғам бірлестігінің ұстаздары: Касенова Ш.С, Сайпилова А.С, Амирханова Л.У, Серікбай А.Ғ, Жақия Мақпал, Бөрібаева Ж.М

Биылғы жылғы онкүндік шаралары ашылуы хабарламалық стенд безендіру арқылы хабарланып, бағдарламамен таныстыру жоспарланды. Әр күн әр түрлі шаралармен қамтылды.

№	Өткізілетін шаралар	Өткізу мерзімі	Өткізу түрі Сыныптар	Жауапты
1	Апталықтың ашылуы	05.12.2022ж.	Хабарламалық стенд безендіру	Бірлестік Мұғалімдері
2	«Тәуелсіздік жетістіктері» ғылыми жоба	07.12.2022ж. 15.00	Презентация 7-сыныптар	Амирханова Л.У.
3	«Менің елім-менің Қазақстаным» Интеллектуалды ойын	08.12.2022ж. 15.00	Интеллектуалды ойын 5-сыныптар	Бөрібаева Ж.М
4	«Ел болашағы – жастар қолында»	9.12.2022ж	Шебер-сыныбы 6-шы сыныптар 110 кабинет	Касенова Ш.С.
5	«Тәуелсіздік-мәңгі елдің тұғыры»	12.12.2022ж.	Дөңгелек үстел 11 а -сыныбы	Серікбай А.Ғ
6	«Менің өмірімдегі тағылымым»	13.12.2022ж.	Кездесу 10Ә сыныбы	Сайпилова А.С
7	«Қазақстан тәуелсіздігін таныған мемлекеттер»	14.12.2022ж.	Таныстырылым 9-сыныптар	Жақия М.Қ.
8	Апталықтың жабылуы	15.12.2022ж.	Марапаттау	Бірлестік мұғалімдері

«Тәуелсіздік-асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі» он күндігі аясында 7-сыныптар арасында 2022 жылдың 14 желтоқсан күні «Тәуелсіздік жетістіктері» ғылыми жоба презентация қорғау жобасына оқушылар қатыстырылды. Жауапты ұстаз –Амирханова Л.У

«Тәуелсіздік жетістіктері» атты ғылыми жобамыздың мақсаты - Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұматтар алу, осы тәуелсіздіктің қадірін білу. Тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты болуға, өз Отандарын сүюге, құрмет тұтуға тәрбиелеу. Биылғы жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына 31 жыл! Оқушылардың Тәуелсіз еліміздің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыру, бір - бірімен достық, ынтымақтастықта болуға баулу мақсатында өткізілді.

7 сыныптар оқушылары топтарға бөлініп жобаларын қорғады.

1 топ: 7 «А» сынып оқушылары Байғали Кәусар Жақсылықова Амина
Жоба тақырыбы: «Тәуелсіздік жетістіктері»

2 топ: 7 «Б» сынып оқушылары Латкен Аmani, Убайдулла Айсел,
Азат Анажан-Ханум

Жоба тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні»

3 топ; 7 «Ә» сынып оқушылары Байжұманова Дария. Нұрқиянов Бахтияр
Мұхамбетов Әділжан. Ерғали Нұрай

Жоба тақырыбы: «Тәуелсіздік күні»

4 Топ: 7 «В» сынып оқушылары

Дюсембай Аршат, Рысбай Інжу

Жоба тақырыбы: «Тәуелсіздік жетістіктері»

Бұл шараға оқушылар белсене қатысты. Оқушыларымыздың дайындаған жұмыстары презентация арқылы көрсетілді. Оқушылар өте позитивті ойлары жоғары. Викторина сұрақтарына да қызығушылықпен жақсы жауап беріп отырды.

Төмендегі оқушылар мынадай нәтижие көрсетті

7 « В » сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом

7 «Б» сынып оқушылары II Дәрежелі Диплом

7 «А» сынып оқушылары III Дәрежелі Диплом

7 «Ә» сынып оқушылары III Дәрежелі Диплом және Алғыс хаттармен марапатталды



Келесі шара эстафетасын тарих пәні мұғалімі Бөрібаева Ж.М алды. Бөлекбаева Жанаргүл тарих апталығы аясында 5 сыныптар арасында “Менің елім- менің Қазақстаным ” атты интеллектуалдық сайыс ұйымдастырды. Сайыстың мақсаты оқушыларды отансүйгіштікке, өз елінің тарихын құрметтеуге тәрбиелей отырып, білімді оқушыларды анықтау, білімділікке, тапқырлық, ізденімпаздыққа баулу. Ойын өте тартымды өтті.



«Ел болашағы – жастар қолында» атты іс-шара Касенова Ш.С жауаптылығымен 6-сыныптарда өткізілді. Оқушылар болашақты өз көзқарастары арқылы құра алып, постер қорғады.



Жақия Мақпал тарих апталығы аясында 14.12 күні онкүндікті қорытындылай отырып, 9 сыныптар арасында “Қазақстан тәуелсіздігін алғаш таныған мемлекеттер” атты сайыс ұйымдастырды. Әр сынып өзі таңдаған елдің өнерін көрсетіп, ұлттық тағамдарымен таныстырып, елімізбен байланысын баяндады. Сайыстың мақсаты балалардың әртүрлі ұлттардың мәдениетімен, тарихымен таныстыру. Оқушыларды сайысқа қатыстыру арқылы қарым-қатынас, өзің-өзі басқару, шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту. Сайыс өте қызықты өтті.



Аптаның әр күні әр түрлі іс-шаралар өткізумен аяқталып отырды.

Апталыққа белсене қатысқан оқушылар аталып өтіліп, марапатталды.

Бірлестік жетекшісі: Касенова Ш.С.